

## **Қарағанды металлургия комбинаты туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 30 қыркүйек 1994 ж. N 1083

Қазақстан Республикасы үшін стратегиялық мәні бар Қарағанды металлургия комбинатының қаржылық-экономикалық жағдайын сауықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Санацияға дайындық және оны өткізудің тетігін әзірлеу кезеңінде Қазақстан Республикасының бюджетіне берешегі бойынша айыппұл санкцияларын төлету кідіріліп, 1994 жылдың 1 желтоқсанына дейін шегертілсін.

2. Қазақстан Республикасының Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды санациялау және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы Қарағанды металлургия комбинатының қаржы жағдайын оған барып зерделеу үшін Қазақстан Республикасы прокуратурасының, Ішкі

істер министрлігінің, Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің мамандарын тарта отырып 1994 жылдың 3 қазанына дейін жұмыс тобын және оны санациялау шараларын әзірлеу жөніндегі жұмыс комиссиясын құрсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінен Қарағанды металлургия комбинатына бөлінген директивтік кредиттерді өтеуді 1994 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзарту сұралсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі